

**«Общественная позиция»  
(проект «ДАТ» № 06 (43) от 10 февраля 2010 г.**

*БОЛАШАҚҚА БАҒДАР*

**Қазақстандағы  
КЕЛЕШЕК СУ ПРОБЛЕМАСЫ  
ұлттық апатқа айналуы мүмкін**

**«Су, сенің дәмің де, иісің де жоқ, сені суреттеу де қиын. Қалай екеніңді білмей сенен адамзат ләззат алады. Сен өмірге қажетсің деп айтпай-ақ, сен өмірдің өзісің. Сен жарық дүниедегі байлықтың ең зорысың!».**

*Антуан де Сент Экзюпери*

**ДҮНИЕНІҢ КЕНЕЗЕСІ КЕУІП БАРАДЫ**

Әлемде ХХ ғасырдың ең басты тауары – мұнай мен газ болғаны белгілі. Ғасыр соңына таман автомобиль, басқа да көлік түрлері мен жаңа технологиялық өндірістер саласы барынша дамып, мұнай мен газға деген адамзат сұранысы бәрінен басым түсті. Мұның өзі соңғы 5-6 жылда ғана көмірсутегі шикізаты бағасының бірнеше есе қымбаттауына әкеп соқты. Сөйтіп, мұнай мен газ әлемдік саясаттың негізгі құралына айналды. Мәселен, Қазақстандағы орасан зор көлемдегі шикі мұнай тауарына Батыс елдері тарапынан туған қызығушылықтың салдарынан мұндағы демократиялық құндылықтар мен азаматтық қоғам проблемалары екінші кезекке түсіп, экономикалық саясаттың саудасына айналды.

Ал үстіміздегі ХХІ ғасырда табиғаттың қандай байлығы басты тауарға айналмақ? Әлемдегі табиғи ресурстар қорына талдау жасауға бейімделген сарапшылардың пікіріне қарағанда, ғасырдың ортасына таман біздің заманымыздың басты тауары кәдімгі... су болатын түрі бар. Өйткені, біріншіден, адамзат тұрмысына қажетті таза суды тұтыну көлемі жылдан-жылға еселеп артуда. Екіншіден, климаттағы өзгерістердің салдарынан енді елу жыл ішінде әлемдегі ауызсудың қазіргі қоры он есеге жуық қысқарады деген жорамал бар. Білікті ғалымдардың пайымдауынша, дүние жүзіндегі энергетика көзінің негізі саналатын судың суалу мерзімі, әрі кеткенде, 50 жылдай ғана уақытты қамтымақ. Тағы бір көңіл аударарлық жайт: әлемнің алдыңғы қатарлы ғалымдарының болжауынша, 2040 жылға таман судың нарықтағы құны мұнайдың бағасымен теңеседі.

Қазір белгілі бір орталарда сөз болып жүрген бұл пікір былайғы халық үшін құлаққа тосындау естілуі де мүмкін. Себебі, дүниеде қандай зат көп десеңіз, ол су екендігі белгілі. Жер шарының 70 пайызы немесе төрттен үш бөлігі судан тұрады. Планетамыздағы судың жалпы көлемі 360 млн. текше шақырымды, жалпы айдыны 1 млрд. 370 млн. шаршы шақырымды құрайды. Марқұм журналист Камал Смайылов: «Егер сол суды Жердегі құрлықтар үстіне жайып жіберсе, онда жер бетін қалыңдығы 2700 метр болатын топан су алар еді. Жердегі бар су 20 миллиард адамға еркін жетеді. Бірақ су іздеп, су аңсап шөлдеген адамдар мен қажет ететін өндіріс, егіншілік қаулап өсіп келеді», – деген еді.

*ЮНЕСКО-ның Бас директоры Коитиро Мацуураның: «Су – адамзат өркениетінің барлық аспектілерін қамтитын бірден-бір табиғи ресурс. Егер*

*планетамызда су дағдарысы пайда болса, адамзат өр-кениетінің дамуы да дағ-дарысқа ұшырайды деп ай-туымызға толық негіз бар», – деген пікіріне еріксіз иланасың.*

Иә, су осы уақытқа дейін әлемде барынша мол зат ретінде тегін пайдаланылып келді. Енді осы жағдай бірте-бірте келмеске кететін сияқты. Өйткені Жер шарында судың үлесі анағұрлым басым болғанымен, оның адамзат кәдесіне жарайтын тұзданбаған таза бөлігі тым аз. Ол барлық судың шамамен екі-үш пайызын ғана құрайды. Оның үстіне, адамзат қажетіне жарайтын осы 30 млн. текше шақырым судың 25 млн. текше шақырымға жуығы Арктика мен Антарктиданың мәңгі мұздықтарында жатыр. Ал адамзаттың игілігіне жарап отырған су мөлшері барлық тұщы судың 1,7-2 пайызға жуығын ғана құрайды екен.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметіне жүгінсек, жыл сайын әлемде 3 миллиард адам лас әрі ішуге жарамсыз судың кесірінен туындайтын аурулардан көз жұмса, 2 миллиард адамға таза су жетпей отыр. Соңғы 100 жылда халық саны үш есеге, ал суды пайдалану көрсеткіші жеті есеге өсті. Бұл күнде халықтың жылына орташа ғаламдық өсу қарқыны 2 пайызға, әр секунд сайын үш адамға көбейіп, 6 миллиардқа жетті. Бұл көрсеткіш 2025 жылы 8, ал 2050 жылда 9 миллиард болмақ.

### **БІЗДЕГІ СУ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАТЕРІ ҚАНДАЙ?**

Мұхиттардан жырақта, Еуразия құрлығының бел ортасында ғұмыр кешіп жатқан қазақ халқы үшін де су мәселесін ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан аса тағдырлы мәселе деп айтуға болады. Біздің халқымыздың тұрмыс-салтына, осы уақытқа дейін қалыптасқан шаруашылық жүйесіне, тіпті мінез-құлқына судың жасаған ықпалы өте зор. Мәселен, біздің ата-бабаларымыздың көшпелі өмір салтын таңдап алуына бірден-бір әсер еткен үлкен фактор – мал шаруашылығы десек, мал шаруашылығының өріс алуына жердің молдығымен бірге, судың тапшылығы да әсер еткен.

Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Қазақ даласын мекен етіп, аса қуатты әскери көшпелі держава құрған ғұндардың осы өңірден тұрақ таппай, батысқа қарай босуының астарында да су проблемасының жатқанын белгілі ғалым, этнограф, тарихшы, философ Лев Гумилев өзінің «Этногенез және Жер биосферасы» атты еңбегінде жақсы дәлелдеген.

*«Біздің заманымызға дейінгі III ғасыр мен біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейінгі екі мыңжылдық кезеңде біз даланың үш рет үлкен құрғақшылыққа тап болғандығын атап өттік. Көшпелілердің өздері мекен еткен Ұлы дала шетіне қарай босуы, тіпті оның шегінен шығандап шығып кетуі осы жағдайға тығыз байланысты еді. Бұл көш қозғалысы әскери басқыншылық сипатында болған жоқ. Көшпелілер жекелеген аздаған топтармен алға қарай жылжып отырды. Олар аштықтан қорғанудан, алдарындағы малдарының шөлін қандырудан басқа мақсатты қаперлеріне алған жоқ», – дейді атақты ғалым өзінің айтулы еңбегінде.*

Демек, Ұлы даланың ортасын ойып орналасқан қазіргі Қазақстандағы су проблемасы ежелден болған. Ол мыңжылдықтардың өн бойында біздің халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, мінез-құлқына, тіршілік формасын таңдауына тікелей әсер етіп келді.

Әрине, қазіргі жағдай біршама өзгешелеу. Кеңес Одағының ыдырауына байланысты және ғаламдық экологиялық зардаптардың салдарынан туған «парниктік проблеманың» әсерінен Орталық Азия өңірінде су проблемасы бұрынғыдан да асқына түсті. Себебі, біріншіден, Кеңес Одағы қалыптастырған

суды өңірлік реттеу жүйесі жойылды. Ал жаңасы әлі қалыптасқан жоқ. Қазір Орталық Азияда бір тұрғынға есептегенде, жылына 2600 текше метрден су келеді. Егер осы көрсеткіш Мысырда – 1200 текше метр, Суданда – 1100, Қытай, Сирия, Израильде шамамен 450 текше метр екендігін ескерсек, былайша айтқанда, бұл жаман көрсеткіш емес.

Бірақ, екіншіден, «парниктік проблеманың» салдарынан Қазақстандағы өзендер мен көлдердің көзі саналатын мұздақтардың еруі жеделдеп барады. Егер биік таулардың басындағы мұздақтар осы қарқынмен еритін болса, жуық он жылдың ішінде басын оңтүстіктегі таулардан алатын өзендер суалып кетуі мүмкін екендігін айтады гидрогеография мамандары.

Су проблемасының асқына түсуіне әсер етіп отырған үшінші жағдай – Орта Азия халқы санының өсуі, яғни суды тұтыну мөлшерінің жан басына шаққандағы өсімі. Мәселен, бұл өңірде 1960 жылғы 20 миллионнан сәл ғана астам халық болса, қазір бұл көрсеткіш 50 миллионнан асты. Ал өз кезегінде судың көзі мен көлемі сол 1960 жылдардағы мөлшерден екі есеге жуық қысқарып кетті. Аймақ халқының екі еседен астам өсуі салдарынан ауызсуға деген сұраныс жылына 60 текше шақырымнан 120 текше шақырымға дейін жетіп отыр.

Қытайдан ағып келетін ірі өзендер – Ертіс пен Іленің жағдайы мәлім. Бұл – трансұлттық су көздерін пайдалану проблемасын шешу арқылы ғана жүзеге асатын мәселе. Ал халық тығыз орналасқан Қазақстанның оңтүстігіндегі өзендердің дені Өзбекстан мен Қырғызстаннан бастау алады. Мұнда әсіресе өзбек ағайындармен арадағы суды ортақ пайдалану мәселесі ушығып барады. Саясаттану мамандарының пікірі бойынша, екі ел арасындағы қатынастар қазіргі алған бетінде ушыға беретін болса, онда жуық он жылдың ішінде су мәселесі екі мемлекет арасындағы басты саяси проблемаға айналуы әбден мүмкін.

Өңірде шаруашылық жүйесінде судың барынша тиімсіз пайдаланылуы мен су ресурстарын басқару мәселесінің өзара келісімсіз жағдайда жүргізілуі, әсіресе Арал проблемасынан айқын көрінеді. Осының салдарынан теңізге құйылып жатқан су 75 пайызға азайып, айдыны екі есе қысқарып кетті. Арал қасіреті адамзаттың ортақ проблемасына айналды. Түптеп келгенде, осының негізгі себебі – Өзбекстандағы мақта шаруашылығының су ресурстарының орасан үлкен шығынымен барынша тиімсіз жүргізілуінен болып отыр.

Қазақстандағы су жағдайына үлкен ықпал ететін елдердің бірі – көршіміз Қытай. Дүние жүзінде су ресурстарының көлемі жағынан 5-ші орын алады дегенмен, бұл елдің де проблемасы жеткілікті. Бүгінгі Қытайдың 32 ірі мегаполисінің 30-ы су тапшылығына ұрынып отыр. Оның үстіне, бірқатар сарапшылардың пікірінше, егер Қытай басшылығы елдің орталық және солтүстік өңірлеріндегі су тапшылығын жеделдетіп шешпесе, бұл ұлттық проблемаға айналатын мәселе болуы мүмкін. Тіпті жуықтағы 2015 жылға таман Қытайда үлкен су дағдарысы пайда болуы мүмкін. Ал мамандардың жорамалы бойынша, 2030 жылға қарай бұл ел ауызсуды шеттен тасымалдауға мәжбүр болады. Ауызсуға елдің ішкі тапшылығы жылына 240 миллиард текше метрге дейін жетеді.

Осы проблеманы шешу үшін, Қытай үкіметі елдің батысын сумен қамту мақсатында Қазақстанға ағып келетін Іле, Ертіс өзендеріне бөген салуға мәжбүр болуда. Бұл жағдай, біз айтып кеткендей, Қазақстандағы су проблемасын одан әрі асқындыра түсуде.

Мысалы, құрлықта орналасқан су бассейндерінің ішінде көлемі жағынан бүкіл планетада үшінші орын алатын Балқаш көліне жылма-жыл 23,8 текше шақырым су ағып келіп жатқан болса, мұның 17,4 текше шақырымы Іле өзені арқылы құйылады екен. Ал Іле өзеніне жылына қосылып отыратын 12,7 текше

шақырым су өз бастауларын Қытайдан алып жатыр. Мұның өзі Балқаш тағдырының, ондағы су көзінің 54 пайызы тікелей Қытайдағы жағдайға байланысты екендігін көрсетеді.

*Оның үстіне, кейбір дерек көздеріне қарағанда, Іледегі су көлемі 1980 жылғы 17,8 текше шақырымнан 12,7 текше шақырымға дейін төмендеп кеткен. Егер Қытай жағы бөген салу арқылы өзен суын тағы да 10-15 пайызға шектей түсетін болса, онда бұл – Балқаш көлі Арал теңізінің тағдырын кешеді деген сөз.*

Ал Қара Ертіс арқылы Қазақстанға жылма-жыл келіп жатқан су көлемі 5 текше шақырымды құрайды. Бұл – осы өзеннің бұрынғы ағысынан (жылына 7,8 текше шақырым болатын) едәуір төмен көрсеткіш. Сонымен қатар сарапшы мамандар егер Қытай жағы Шыңжан аймағындағы Қарамай қаласына Ертістен тартылып жатқан каналға су бөліп алған жағдайда, осы өзеннің Қазақстанға келіп жатқан ағысы тағы да 20 пайызға азая түседі деп отыр. Ал мұның өзі еліміздің шығыс өңірін сумен қамту мәселесіне, Зайсан көлінің тағдырына елеулі әсер етеді. Қазақстанның енді бір көршісі – Ресей. Өзен ағысында Қазақстаннан төмен отырғанымен, білікті мамандар еліміздің су проблемасын шешудің үлкен көзі ретінде осы елді қарастырады. Себебі, Сібір өзендерін Қазақстан мен Орталық Азияға бұрудың идеясы соңғы кездердегі бірқатар жағдайларға байланысты қайта жандана түскендей. Бұл идеяны ең алғаш 1868 жылы Киев университетінің студенті Я.Демченко көтерген болатын. 1948 жылы академик Обручев осы идеяны қолдап, Сталинге хат жазады. 1968 жылы КОКП Орталық комитеті пленумының шешіміне сәйкес КСРО Жоспарлау комитеті мен КСРО Ғылым академиясы идеяны жүзеге асырудың жобасын жасауға кіріседі. 20 жылға жуық уақытты қамтыған жобаны әзірлеу жұмысына 112 ғылыми-зерттеу институты қатысты. Жоба бойынша каналдың ұзындығы – 2550 шақырым, ені – 130-300 метр, тереңдігі – 15 метр. Одан секундына 1150 шаршы метр су ағып отыруға тиіс. Жобаның жалпы құны 32 миллиард 800 миллион кеңестік рубльге бағаланды. Ол жүзеге асқан жағдайда жылма-жыл беретін таза пайдасы 7 миллиард 600 миллион рубль болатыны жобаланған. Сонда бұл жоба өзіне кеткен шығынды аздаған жылдардың ішінде ақтап шықпақ екен. Алайда жобаны жүзеге асыру идеясы Ресейдегі бірқатар беделді ғалымдар мен жазушылардың, әсіресе Сібір жазушыларының қарсы болуымен тоқтап қалды. Әйтсе де, идея жыл өткен сайын өз өміршеңдігін таныта түскендей. Әйткені Сібір суларының 90 пайызға жуығы Ресей жерін басып өтіп, Солтүстік мұзды мұхитқа барып құйып жатыр. Одан Қазақстан мен Орталық Азияға бөлінеді деп жоспарланған су көлемі 6-7 пайыз шамасында ғана. Былайша айтқанда, Ресей үшін бұл аса үлкен проблема емес. Оның үстіне, ресейлік бірқатар білікті саясаткерлер мен ғалымдар осы жоба жүзеге асқан жағдайда Ресейдің Қазақстан мен Орталық Азия елдеріне ықпалы арта түсетінін, жоба осының өзімен ғана Ресейге үлкен саяси тиімділік бере алатынын тұжырымдайды. Сондай-ақ жобаның коммерциялық пайдасы да аз болмайтын секілді. Ал кезінде жобаны жүзеге асыруға қарсы болған жазушылар мен ғалымдар сөзіне келетін болсақ, олардың «табиғатқа экологиялық зияны тиеді» деген пікірлерін өлі де зерттей түсу қажет. Баяғыда Ресейдің өзінде Мәскеуді сумен қамту мақсатында қолдан жасалған Москва өзенін салу кезінде де осындай пікірлер айтылған-ды. Қазір сол пікірлердің жаңсақ болғаны, өзеннің Мәскеу халқына ғана емес, бүкіл Ресейге тигізіп отырған пайдасы ұшан-теңіз екені дәлелденген.

**БОЛАШАҚ ҚАУІПТЕН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?**

Сонымен, түбінде Қытай жағының Қазақстанға келетін трансшекаралық өзен суларын шектей түсетіні ондағы жүріп жатқан үдерістерге байланысты қазірдің өзінде белгілі болып отыр. Яғни Қытай үкіметі 1,5 миллиард қара қытайды су тапшылығы қатерінен құтқару үшін, басқа елдердің мүддесімен санасар кейіп байқатпайды. Ал Қазақстанның өз ішіндегі мүмкіндіктер шектеулі.

Қазақстандағы су проблемасын шешудің үлкен көзі ретінде Сібір өзендерін кері бұру мәселесіне Қазақстан жағы құлықсыз. Себебі, Қазақстан басшылығы тарапында Мәскеу мэрі Юрий Лужковтың Сібір өзендерін Қазақстанға қарай бұру идеясы түбінде біздің тәуелсіздігімізге кері әсер ететін саяси мәселеге айналып кетеді деген қорқыныш бар.

Міне, мәселе осы қорқыныштың астарында болып тұр. Бұл астар – Қазақстанда жуық жиырма-отыз жылда су проблемасы ұлттық трагедияға айналатынын мойындау деген сөз. Егер біз Ресейдің Сібір өзендеріне тәуелді болып қалсақ, онда кранның тұтқасын ұстаған орыстарға тағы да бодан болуымыз мүмкін. Әрине, бұл қатерді жоққа шығаруға болмайды. Олай болса, біздің бүгінгі билік келешекте кедергі болатын су тапшылығы мәселесін орыстарсыз шешудің жолын бүгіннен бастап қарастырғаны жөн сияқты. Болашақ проблеманы сезе тұра, оған қарсы қандай да бір қам жасамау – болашақ ұрпаққа қастандық жасаумен бірдей.

Ендеше, Қазақстанға төніп келе жатқан су тапшылығынан қалай құтылуға болады? Бұл арада, әрине, ең бірінші кезекте ғасырлық проблемаға тосқауыл қою үшін Қазақстанға орасан зор қаражат қажет. Бірақ бізге бұл да тым үлкен қолбайлау болмауы керек.

*Біріншіден, бізде шетелдік банктерге орналастырылған Ұлттық қордың қаржысы бар. Бір деректерге қарағанда, оның көлемі 50 миллиард доллардан асқан сияқты. Ең бастысы, біздің билік бұл қордың жұмсалу мақсаты «болашақ ұрпаққа арналған» деген уәж айтады. Жөн-ақ! Бірақ төніп келе жатқан су тапшылығы да болашақтың проблемасы емес пе?! Ендеше, бұл проблеманы неге сол Ұлттық қордың бір бөлігі есебінен бүгіннен бастап шешпеске?*

Екіншіден, болашақта Ұлы далада пайда болатын су тапшылығы – бұл әлемдік экологиялық проблеманың құрамдас бөлігі саналады. Яғни бұл тек қазақстандық мәселе ғана емес, ғаламдық проблемаға айналатын үлкен сұрақ болады. Ал ондай жаһандық жоқшылыққа бүткіл дүниенің көмегімен ғана қарсы тұруға болады. Ендеше, мұндай болашақ проблеманың пайда болуы мен оның зардаптарын ғылыми-жорамалдық дәрежеде әлемдік деңгейде дәлелдей алсақ, онда оны қаржыландыруға Дүниежүзілік қаржы институттары – Дүниежүзілік банк мен Халықаралық валюта қоры қолғабыс жасайтыны сөзсіз. Әрине, қаржы бола қалған жағдайда болашақта туындайтын су проблемасын қалай шешуге болады деген сауалдың туындайтыны да рас. Бұл жөнінде біз келешектің кедергісін жоятын келелі кеңес береміз деп айта алмаймыз.

Дегенмен ең бірінші кезекте мұздақтардан еріген, соңы барып құмға сіңіп жатқан суды арнайы су қоймаларына жинауға болмас па еді. Гидрогеография ғалымдарының пікіріне қарағанда, бұл ретте жер рельефінде пайда болған табиғи ойпаттарды су қоймаларының базасы ретінде пайдаланудың мүмкіндігі бар сияқты. Әрине, ол үшін тау өзендері мен ойпаттардың арасына каналдар қазу қажет. Бұл орайда Шымкент өңіріндегі Көксарай су қоймасы біздің пікірімізге жақсы дәлел бола алады.

Сол сияқты, Тәңір тауынан (Тянь-Шянь) шығып, Қытайға қарай ағып жатқан Текес сияқты ондаған ірілі-ұсақты өзенді табиғи су қоймаларына қарай бұруға болар еді. Мұндай Қытайға қарай ағатын Аққаба, Қараба аталатын бірнеше суы

мол өзен Алтайда да баршылық. Жоңғар Алатауы мұздақтарынан тағы да Қытайға қарай ағатын қаншама үлкен-кіші өзендер бар, оларды да табиғи ойпаттарға қарай бұрудың ретін қарастырған жөн. Сол сияқты, әсіресе Қазақстанның оңтүстігіндегі өзендер ерте көктемде тасып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына нұқсан келтіріп жатқан жағдай тағы бар. Сондай-ақ соңғы жылдары көктем кезінде Ертіс өзені де арнасынан асып таситын қылық шығарды. Міне, далаға кетіп жатқан осы суларды қоралайтын қоймалар мен су тоспаларын (шлюздер) салудың ретін бүгін қарастыру қажет сияқты.

Бір сөзбен айтқанда, болашақта ертеңгі елге зәру мәселеге айналатын су проблемасын шешу жағдайларын ойластыру үшін, қазақстандық, ресейлік және шетелдік түрлі сала ғалымдарының қатысуымен үлкен ғылыми-практикалық конференция өткізу керек. Егер Қазақстандағы бүгінгі билік осы мәселені тақта тұрған кезінде қолға алмайтын болса, 2030 жылғы халық Назарбаевтың өткен билігіне қарғыс айтары қақ. Ал болашақ халықтың зердесі мен санасына сіңіп қалу – бұл биліктің арманы мен мұраты болса, бүгіннен бастап болашақтың қамына қызмет еткен абзал.

**Еркебұлан НҮРЕКЕШ,**  
**«D»**

***РЕДАКЦИЯДАН: Осы мақалада көтерілген мәселеге орай, ғалымдар мен су ресурстарын пайдалану мамандарын ой бөлісуге, болашақ проблемаға қатысты ғылыми жобалар ұсынуға шақырамыз. Біздің балаларымыз бен немерелеріміздің басына төнуі мүмкін келешек апаттың алдын алуға үлес қосыңыз, құрметті оқырман.***

## **АҚПАРАТ АҒЫНЫНДАҒЫ БҮГІНГІ ХАБАР**

**Безрезультатно закончились в Алматы переговоры по использованию водно-энергетических ресурсов Нарын-Сырдарьинского речного бассейна. Договаривающиеся стороны – Киргизия, Узбекистан и Казахстан – стояли каждая на своем.**

### **ПОЗИЦИЯ КАЗАХСТАНА**

По словам чиновника, пожелавшего сохранить анонимность, Киргизия настаивает на длительном сохранении воды в обмелевшем за последние четыре года Токтогульском водохранилище, и намерена использовать ее исключительно в собственных целях для получения необходимой для страны электроэнергии, острую нехватку которой она испытывает в настоящий момент.

Выделять воду на сельскохозяйственные нужды Узбекистана и Казахстана Бишкек готов. Но только при одном условии, что они возместят ему недостачу электроэнергии, поскольку мощности Токтогульской ГЭС в случае пропуска воды для полива полей соседних государств будут значительно снижены. Однако позиция Бишкека не устраивает ни Ташкент, ни Астану, сообщил чиновник.

### **АСТАНА НЕ СОГЛАСНА С ТАШКЕНТОМ**

Так, Узбекистан настаивает на пропорциональном распределении водных ресурсов Нарын-Сырдарьинского бассейна, которые ему крайне важны для постоянно увеличивающихся площадей орошаемых полей, засеваемых хлопчатником. В аналогичной ситуации оказывается и Казахстан, у которого в

низовьях Сырдарьи находится около 90 процентов всех рисовых плантаций в стране. Тем не менее, заметил чиновник, если с Бишкеком Астана еще отчасти готова согласиться, то с Ташкентом дело обстоит значительно сложнее. Дело в том, подчеркнул чиновник, пожелавший остаться неизвестным, что Казахстан считает некорректными подсчеты Узбекистана о количестве поступающей воды в Нарын-Сырдарьинский бассейн за последние десять лет и не согласен с долей, которую определил себе Ташкент. По мнению Астаны, узбекская сторона не учитывает, что годы бывают как многоводными, так и маловодными. Казахстан обеспокоен, что с таким подходом Узбекистан может вообще оставить своих северных соседей без воды на полях. К тому же, заметил чиновник, Астана считает, что нельзя допускать полного пересмотра достигнутых еще в 90 годах прошлого столетия договоренностей, поскольку это даст возможность пересмотреть и целый ряд других, ранее заключенных межгосударственных договоров.